

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Ғылыми-әдістемелік кеңесінің
2020 ж. «_____» _____ мәжілісінің
№ _____ хаттамасымен бекітілген
Оқу ісі жөніндегі проректор
_____ А. Хикметов

«8D017 – ШЕТЕЛ ТІЛІ: ЕКІ ШЕТ ТІЛІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

АЛМАТЫ, 2020

Бағдарлама «8D017 – Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес жасалған. Бағдарламаны құрастырушылар: филол.ғ.д., профессор Мәдиева Г.Б., филол.ғ.к., доцент Мәмбетова М.Қ., PhD доцент м.а. Күзембекова Ж.Ж.

Бағдарлама жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы мәжілісінде қарастырылған. 2020 ж. _____ № ____ хаттама
Кафедра меңгерушісі _____ Мәдиева Г.Б.

Филология және әлем тілдері факультетінің
әдістемелік бюросында мақұлданған
2020 ж. _____ № ____ хаттама
Әдістемелік бюро төрайымы _____ Оспанова Г.

Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілген
2020 ж. _____ № ____ хаттама
Ғылыми кеңес төрағасы,
Факультет деканы _____ Әбдиманұлы Ө.
Ғалым хатшы _____ Әлімтаева Л.

МАЗМҰНЫ

1. Мамандық бойынша түсу емтиханының мақсаттары мен міндеттері – «философия докторы» (Ph.D) академиялық дәрежесін және докторантураға оқуға қажетті білім дәрежесін, тәжірибесін, өз ойын нақты әрі дәлелді жеткізу деңгейін, сондай-ақ аналитикалық қабілеттілігін анықтау.

а) «Түсу емтиханының формасы – жазбаша емтихан. Емтихан тапсырушы емтихан билеттерінің сұрақтарына жауаптарын жауап парақтарына жазады, оны емтихан комиссиясы шифрланған түрде тексереді».

2. PhD докторантураға түсуші тұлғалардың даярлық деңгейлеріне қойылатын талаптар. Үміткерлер лингвистиканың тарихын, шетел және кеңес лингвистикасының дәстүрлі және қазіргі мәселелерін, Қазақстан Республикасының тұжырымдамасының тілдік жағдайы мен тілдік саясаты бойынша терең білімдерін көрсетулері қажет. Бұған қоса, тапсырушы тілдік құбылыстардың анализіне тілдік үрдіске, әр түрлі негізде құрылған тілдік классификацияға, лингвистикалық анализдің әдістеріне көңіл қоюы керек.

«8D017 – Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша түсу емтиханының міндеттері:

- білім беру қызметін көрсететін, білім деңгейін анықтау;
- тілдік жүйенің ғылыми және теориялық негіздерін түсіну деңгейін анықтау;
- лингвистика, шетел филологиясы және шет тілдерін оқыту әдістемесінің негізгі көздерін білу құзыреттілігін анықтау.

Аталмыш мамандықтың мақсаты мен міндеттерін ескере отырып, бұл бағдарлама PhD докторантура оқуға түсушілердің тұтастай тілдік жүйені түсінуі және интралингвистикалық әрі экстралингвистикалық құбылыстарды анықтаудағы заңдылықтарын, оның әр түрлі дискурстық қызметте кездесетін тілдік бірліктердің қызметтеріне назар аудартады.

Бұл бағдарлама бойынша емтихан тапсыру барысында нақты материалдың логикалық және теориялық ұғынуына, тілдік құбылыстарды талдау қабілетіне, лингвистиканың қазіргі бағыттарына беттеуге сәйкес келетін лингвистикалық терминдер мен лингвистиканың метатілін қолдануына басты назар аудартылады.

Осыған қоса, үміткер тілдің территориалды және әлеуметтік дифференциалдығын анықтай білуі, тілдің деңгейін, тілдік бірліктердің дифференциалды, интегралды құбылыстарын білуі, тілдердің генеологиялық және типологиялық сипаттамаларын білуі, тілдердің өзара қарым-қатынас нәтижесіндегі үдерісін, мәдениетаралық қарым-қатынаста пайда болатын мәселерді білуі қажет.

3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері. Жалпы тіл білімі, Лингвистика ілімінің тарихы, Шет тілін оқытудың әдістемесі, Академиялық мақсаттарға арналған шетел тілі.

4. Емтихан тақырыптарының тізімі.

«Лингвистика ілімдерінің тарихы» пәні.

Ежелгі дәуір тіл білімі. Тіл білімі тарихын кезеңдерге бөлу мәселесі. «Атаулардың дұрыстығы» туралы айтыс, аналогия және аномалия, тілдің негізгі бөлшектерін (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) және негізгі грамматикалық категорияларды анықтау. Көне грек-рим, қытай, үнді, араб, түркі тіл білімінің жетістіктері. М. Қашқари және оның лингвистикаға қосқан үлесі.

ХҮІ-ХҮІІІ ғасыр тіл білімі. Еуропа тілдері грамматикасына латын грамматикасының әсері. Тілдер туыстығын дәлелдеудің алғашқы қадамдары. Пор-Рояль грамматикасы – жалпы лингвистикалық теориялар мен аймақтық грамматикалар жасаудың алғашқы үлгісі. Философтар еңбектеріндегі тіл мәселелері: Ф. Бэкан, Р. Декарт, Г. Лейбниц және т.б. Тілдің пайда болу теориялары: Ж.Ж. Руссо, И. Гердер, М.В. Ломоносов.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі. Тілдер туыстығы мәселелері. Санскрит тілінің салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі орны: В.Джоунз, Ф. Шлегель. ХІХ ғ. бірінші ширегіндегі салыстырмалы-тарихи тіл білімі: Р. Раск, Ф. Бопп, Я. Гримм, Ф. Диц, А.Х. Востоков. Үнді-еуропа тілдеріндегі салыстырмалы-тарихи грамматикалар. Туыстық шежіре (бұтақ) теориясы және И. Шмидттің толқын теориясы.

Салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі жас грамматистер дәуірі: жаңа әдістер, нақты әдістерге талпыну, эксперименталдық саланың дамуы. К. Брутман және Б. Дельбрюк: тілдерді сипаттаудың жүйелілік жұмыстары.

ХХ ғ. салыстырмалы-тарихи тіл білімі. Тохар және хетто-лувий тілдерінің ашылуы. Ларингал теориясы. Үнді-еуропа негіз құрылымдары туралы жаңа теориялар және әр түрлі грамматикалық категориялардың пайда болуы: Э. Бенвенист, Ф. де Соссюр, Э. Стертеван, Х. Педерсен, Е. Курилович.

Реконструкция мәселелері. Салыстырмалы-тарихи тіл білімі және тілдегі шылаулар туралы ілім. Лингвистикалық палентология және тілдердің макросемьялары теориясы: В.М. Иллич-Свитыч, Т.В. Гамкрелидзе, В.В. Иванов.

В. фон Гумбольдттың лингвистикалық көзқарастары. Тіл философиясы. Тіл формалары туралы ілім. Тілдің ішкі формасы туралы түсінік. Тіл және ойлау. Халықтық рух түсінігі. Тіл – әрекет, және тіл – әрекеттің жемісі. Тілдердің типологиялық топтастырылуы қағидасы. В.фон Гумбольдт – тіл әлемнің ерекше бейнесі.

ХІХ ғ. тіл біліміндегі эмбебап-логикалық бағыт. К. Беккердің "тіл ағзасы". К. Беккер сөйлеудің психогенезі туралы, логика мен грамматика арақатысы, логикалық, грамматикалық және этимологиялық формалар туралы. Ф.И. Буслаев грамматикалық формалар мен ойлау заңдары арасындағы қатынас және логика мен грамматика арасындағы шектік туралы. Сөз таптарын және сөйлем мүшелерін бөлудегі логика-синтаксистік негіздер.

Натуралистік бағыт. А. Шлейхер ілімі. Тілді тірі ағза ретінде қарау. Тіл дамуының екі кезеңі туралы. Тілдегі мағына және қатынас түсінігі. Тілдердің типологиялық топтастырылуы. Ата тіл туралы түсінік және туыстық шежіре

мен реконструкция қағидалары. И. Шмидттің толқын теориясы. М. Мюллер теориясы – натурализмнің ерекше түрі.

Психологиялық бағыт. XIX ғ. екінші жартысындағы психология және тіл білімі. Г. Штейнтальдің лингвистикалық жүйесі. Логикалық бағытқа сын. Тілдік ойлау мен ішкі форма туралы ілім. Этникалық психология. А.А. Потебняның лингвистикалық көзқарастары. А.А. Потебняның зерттеулеріндегі семантикалық бағыт.

Сөздің таңбалылығы туралы ілім. Полисемияны жоққа шығару. Сөз және контекст. Грамматикалық форма және грамматикалық мағына туралы ілім, сөз таптарының және сөйлем мүшелерінің қалыптасуы туралы. В. Вундтың лингвистикалық көзқарастары. Халық психологиясы ұғымы. Түсінік беретін мағыналар мен ым тілдері туралы ұғым. Сөйлем туралы ілім.

Жас грамматикалық бағыт. Неміс жас грамматистерінің көзқарасындағы позитивистік және жеке психологиялық негіздер. Лейпцих мектебінің "Манифесті" және оның негізгі тезистері. Г. Остгоф және К. Бругман.

Москва мектебі. Ф.Ф. Фортунатовтың лингвистикалық көзқарастары. Грамматикалық форма мен грамматикалық мағына туралы ілім. Нөлдік форма туралы түсінік. Сөздің грамматикалық топтары туралы ілім. Сөз – таңбаның бір түрі.

Қазан лингвистикалық мектебі. Қазан лингвистикалық мектебінің қалыптасуы және оның бағдарламасы. И.А. Бодуэн де Куртененің лингвистикалық көзқарастары: тіл дамуы мәселелері: статика және динамика; тіл туралы ілім – қоғамдық-психикалық құбылыс; фонема және морфема теориясының жасалуы; эксперименталды фонетиканың пайда болуы; тілдің жүйелік концепциясы.

Эстетикалық мектеп. К. Фосслерге В. фон Гумбольдт пен Б. Кроге идеяларының әсері. Лингвистика – қолданбалы эстетика. Стилистика – әмбебап пән. Лингвистика және әдебиеттану.

«Сөздер және заттар» мектебі. Г. Шухардт және Р. Мерингер – «сөздер және заттар» мектебінің өкілі. Жас грамматистердің фонетикалық заңдылықтар туралы теориясына сын. Тілдердің тоғысуы. Ономологиялық зерттеулер.

Ареалды (кеңістік) лингвистика. Неолингвистика. Диалектология және лингвистикалық география. Лингвистикалық үздіксіздік теориясы. Изоглоссия. Италиян неолингвистерінің еңбектеріндегі лингвистикалық география мәселелері: М. Бартоли, В. Пизани, Дж. Бонфанте. Субстрат туралы ілім: И. Асколи. В. Пизанидің ареалды лингвистика және тілдік одақтар лингвистикасын салыстырмалы тарихи зерттеулерінде қолдануы.

Француз социоллингвистикасы. А. Мейе еңбектеріндегі тілдің әлеуметтік құбылыс ретінде анықталуы. А. Мейенің салыстырмалы-тарихи тіл біліміне қосқан үлесі. Салыстырмалы-тарихи әдісті негіздеуі. Ататіл ұғымы. А. Мейенің тілдердің араласуы туралы көзқарастары.

Ж. Вандриестің жалпы лингвистикалық көзқарастары. Ш. Баллидің, А. Сешенің әлеуметтік идеялары. М. Коэн бойынша тілдің әлеуметтенуі.

А. Мартиненің қос мүшелену және тілдік өзгерістерді үнемдеу қағидасы.
Э. Бенвенист еңбектеріндегі жалпы тіл білімі мәселелері.

Америка этнолингвистикасы. Ф. Боас және оның американдық үндістердің тілі туралы зерттеулері. Америка бихевиоризмі: Л. Блумфилд, Л. Блумфилдтің постулаттар қағидасы. Адамның тілі және мінез құлқы (стимулдар және реакциялар).

Э. Сепирдің модель теориясы. Америкадағы этнолингвистика (антропологиялық лингвистика) және оның өкілдері: Ф. Боас, Э. Сепир, С. Лэм, Б. Уорф. Тіл және әлем көрінісі. Тіл мен мәдениеттің байланысы.

Неогумбольдтшылдық. Неогумбольдтшылдық – ойлау мен танымдағы тілдің рөлі туралы. Тіл әлемді түсінудің "кілті" туралы В. Вайсгербер теориясы. Тілдің семантикалық құрылымы және әлемді түсінудегі неогумбольдтшылдық. Тілдегі субъективтік пен объективтік факторлардың арақатысы. Тіл және әлем бейнесі. Семантикалық өріс теориясы: И. Трир, В. Порцит.

Структурализмнің негізгі бағыттары. Ф. де Соссюр және И.А. Бодуэн де Куртенэ – лингвистикалық структурализмнің өкілдері. XX ғ. структурализм. Жас грамматистік зерттеулердің теориясы мен практикасына сүйену және оның арақатысы. Тілді құрылымдық жағынан сипаттаудың әдіснамалық негізі.

Прага мектебіндегі функционалдық бағыт: Н.С. Трубецкой, Р. Якобсан, В. Метезиус және т.б. Н.С. Трубецкойдың фонологиялық теориясы. Фонема туралы түсінік. Оппозиция туралы ілім. Актуалдық мүшелену теориясы (В. Метезиус).

Глоссемантика (Дания немесе **Копенгаген** структурализмі): өкілдері, көтерген негізгі мәселелері, әдіснамасы және әдістемесі. Л. Ельмслев, В. Брендаль, Х. Ульдаль. Тіл және сөйлеу. Тіл – таңбалар жүйесі.

Дескриптивтік лингвистика (америка структурализмі). Тіл туралы постулаттар жиынтығы. Дистрибуция модельдері. Б. Блок, Г. Трейгер, Ч. Хоккет, З. Хэррис. Тіл қабаттары жүйесі туралы түсінік. Аллофондар және алломорфтар. Қос бөлшектер (ҚБ) талдауы.

Франция функционалдық мектебі: А. Мартине. Лингвистикалық структурализм мен функционализмнің жетістіктері және кемшіліктеріне сын.

Лондон лингвистикалық мектебі. Лондон мектебі өкілдерінің (Дж. Ферс) еңбектеріндегі тіл табиғаты туралы түсініктер. Дж. Ферс және Б. Малиновскийдің тұлғаның тілмен байланысы туралы идеялары. Мағына мәселесі және оның лингвистикалық талдаудағы орны. В. Аллен және М. Холлидей еңбектеріндегі тіл құрылымы мәселесі.

Ресей тіл білімі. Қазіргі орыс тілі теориясының қалыптасуы: Л.В. Щерба, Л.П. Якубинский, П.С. Кузнецов, В.В. Виноградов, С.Г. Бархударов, Б.А. Ларин, Н.Ю. Шведова және т.б. Тілді зерттеу және оның мәдениетке, халық психологиясы мен мифологияға қатысы (Ф.И. Буслаев, А.А. Потебня, А.Н. Афанасев) және И. Смирницкий еңбектеріндегі сөз туралы ілім.

Әлеуметтік лингвистика туралы идеялар. Әлеуметтік лингвистика туралы идеялардың М.Н. Петерсон, Р.О. Шор, Е.Д. Поливанов еңбектеріндегі көрінісі. Глотогендік үдерістер туралы

Н.Я. Марр және оның ілімі. И.И. Мещанинов – синтаксистік типология туралы. Фонема туралы тартыстар. Структурализм туралы түрлі көзқарастар. Қазіргі орыс тіл біліміндегі функционалдық бағыт.

Қазақстан тіл білімі. Қазақ тіл білімі – жалпы түркітанудің құрамдас бөлігі (Н.И. Ильминский, В.В. Радлов, С.Е. Малов, П.М. Мелиоранский, В.В. Катаринский, А. Құрышжанов және т.б.).

Қазақ тіл білімі туралы ілім (А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, С. Аманжолов, Ы. Маманов, Н. Сауранбаев, Ғ. Мұсаев, М. Балақаев, Ә. Қайдаров, Р. Сыздықова және т.б.).

А. Байтұрсынов, Қ. Жұбановтың жалпы лингвистикалық ілімдері. Қазақ графикасы мәселелері: А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, А.С. Аманжолов, Е. Омаров, Х. Досмұхамедов және т.б.

«Жалпы тіл білімі» пәні

Әулет – тілдердің макроәулеті. Жалғамалы тіл типі. Қопармалы тіл типі. Даралаушы тіл типі. Полисинтетикалық тіл типі. Тілдер мысалдары және олардың жалпы сипаттамасы. Орыс тілінің генетикалық және типологиялық сипаттамасы.

Тілдің дамуы. Конвергенция және дивергенция үрдістері. Қазақ тілінің генетикалық және типологиялық сипаттамасы. Ағылшын тілінің генетикалық және типологиялық сипаттамасы. Қазақ және орыс тілдерінің генетикалық сипаттамасы. Қазақ және орыс тілдерінің типологиялық сипаттамасы. Орыс және ағылшын тілдерінің генетикалық сипаттамасы. Орыс және ағылшын тілдерінің типологиялық сипаттамасы.

Р. Якобсон теориясының универсалды фонологиялық белгілері. Грамматикалық зерттеулер: В. Матезиус. Сөйленімнің актуалдық мүшелену теориясы. Функционалдық категория және әдеби тілдің дифференциациясы. Прагалықтардың типологиялық зерттеулері. "Тілдік одақтар" теориясы.

Дыбыстар заңдылықтары және анология туралы ілім. Ықтималдық және абсолюттік хронология ұғымы. Жас грамматистер "атомизмі". Г. Пауль теориясы. Тіл тарихы – тіл білімінің пәні мен мазмұны. Қарым-қатынас үдерісіне сипаттама. Индивид, қоғам және тіл. Тіл және диалектілер. Салыстырмалы-тарихи әдістің жетілуі мен дамуы.

Сөз тіркестері теориясы. Ф.Ф. Фортунатов еңбектеріндегі салыстырмалы-тарихи тіл білімі және типология мәселелері. А.А. Шахматовтың жалпы және салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі мұрасы. А.М. Пешковский, В.М. Ляпунов, Д.Н. Ушаков, М.М. Покровский және т.б. лингвистикалық көзқарастары.

Фердинанд де Соссюр еңбектеріндегі жалпы тіл білімі мәселелері: тілдің анықтамасы; тіл мен сөйлеудің арақатысы туралы; сыртқы және ішкі лингвистика; тілдегі синхрония және диахрония; тіл мен сөйлеудегі

синтагматикалық и парадигматикалық қатынастар; таңба және таңба жүйесін анықтау; таңба түрлері және олардың қасиеттері. Ф. де Соссюр және А. Гардинер, Э. Бенвенист, Э. Косериу.

Альтернация ұғымы. Сипаттамалы әдіс қағидасының талдануы. Тілдің пайда болуы және тілдік өзгерістің себептері. Тілдің таңбалық сипаты туралы В.Н. Крушевский ілімі.

В.А. Богородицкийдің негізгі морфологиялық үдерістер туралы ілімі. Сөз таптары және сөйлемдер мәселелері туралы. Эксперименталдық тұрғыдағы фонетика мәселесі.

Тіл білімінің әдіс-тәсілдері. Лингвистикалық зерттеудің әдістері. Салыстырмалы-тарихи әдіс. Сипаттамалы әдіс. Салғастырмалы әдіс. Компоненттік талдау. Семантикалық талдау әдісі. Ассоциативтік эксперимент.

Лингвистикалық талдау тәсілдері. Жеткізу өрісі және мазмұн өрісі. Таңбалар және символдар. Форма және субстанция. Вариант және инвариант. Глоссематикадағы лингвистикалық талдаулардың түрлері мен амалдары.

Трансформациялық талдау (ТТ). Трансформация-генеративтік грамматика: Н. Хомский, Р. Лиз. Тілдік мағынаға қатысты позиция, даму жолдары. Туындау механизмінің негізгі түрлері.

Тілдің фонетикалық құрылысы. Сөйлеу дыбысының түсінігі: экскурсия, үзінді, рекурсия. Тілдің артикуляциялық базасы. Сегментті және супрагемментті фонетикалық бірліктер. Тілдің дыбыстық құрамы: вокализм және консонантизм.

Фонема туралы түсінік. Дыбыс және фонема. Фонеманың перцептивтік және сигнификативтік қызметі. Фонеманың дифференциалдық және интегралдық белгілері. Фонема реңктері (аллофондар).

Тілдің лексикалық құрылысы. Сөз. Сөздің семантикалық аспектілері. Сөзді тіл бірлігі ретінде анықтау. Сөздердің лексикалық мағыналары. Денотат, референт, коннотат. Сөз бен ұғымның арақатынасы. Сөз мағыналарының арасындағы жүйелік байланыстар.

Лексика және фразеология. Лексикадағы жүйелік қатынастар. Белсенді және пассивті лексика. Табу және эвфемизмдер. Ономастика. Терминология және терминожүйе. Фразеология. Этимология. Лексикография, сөздіктер типтері.

Тілдің грамматикалық құрылысы (морфология және синтаксис). Сөздің бөлінуі (морфемдік және сөзжасамдық талдау). Морфемалардың түрлері: түбірлер және аффикстер (префикстер және постфикстер); сөз тудырушы және сөз түрлендіруші аффикстер; суффиксация және суффикстер. Аффиксация. Морфемалардың байланыс түрлері: сызықтық ілініс (сыртқы флексия), сызықтық салу (инфиксация, трансфиксация, ішкі флексия).

Тіл құрылым ретінде. Тұтас және бір бөлікке негізделген иерархия ретінде құрылымды түсіну. Жоспарлар, деңгейлер және қабаттар. Тілдік бірліктер және олардың иерархиясы. Көлденең қатардың минималды (базалық) бірліктері: фонема, морфема, семема. Тік қатардың негізгі таңбалық бірліктері: морфема, сөз, сөйлем, дискурс (мәтін). Негізгі таңбалы бірліктердің

белгілері (сегменттелу, ерекше функцияның болуы). Негізгі таңбалы бірліктердің функциялары: сигнификативті, денотативті, коммуникативтік, дискурсивті. Таңбалық бірліктер туындылары. Ярустар иерархиялық кеңістік ретінде.

Тілдің графикалық құрылысы. Жазу түрлері. Идеографиялық хат. Фонографиялық хат. Жазбаша сөйлеудің сегменттілігі. Сегментті, суперсегментті (Бос орындар және т.б.), қосалқы (диакритиктер және т. б.) графика бірліктері. Графика және орфография. Алфавит. Әріптердің вариативтілігі. Графемдер және аллографтар. Графикалық бірліктер, графикалық буын және тасымалдау ережелері. Графикалық сөз; графикалық сөз мен сөз тіркесі арасындағы сәйкессіздік жағдайлары (лексика-грамматикалық бірлік ретінде); пунктуациялық топ; тыныс белгілерінің түрлері. Мәтінді графикалық безендіру.

Қазақстан халықтарының тілдері. Қазақстан халықтарының тілдері: генетикалық сипаттамасы. Қазақстан халықтарының тілдері: типологиялық сипаттамасы. Қазақстандағы тілдік жағдаят. Қазақстанның тіл саясаты, тілдік жоспарлау.

Әлеуметтік лингвистика. Әлеуметтік лингвистиканың мақсаты, пәні, нысаны. Тіл және қоғам. Диглоссия және билингвизм. Тілдердің аймақтық және әлеуметтік жіктелімі (дифференциация): диалект vs. социолект.

Тілдік қатынас теориясы. Интерференция: себептері және жою жолдары. Креол және пиджин тілдер. Тілдік одақ мәселесі. Қазақ және орыс тілдерінің қатынасы. Кірме сөздер. Тілдік қатынастағы қостілділік мәселесі.

«Шет тілдерін оқыту әдістемесі» пәні.

Әдістеме шетел тілдерін оқыту теориясы ретінде. Әдістemenің басқа ғылымдармен байланысы. Әдістеме пәні. Әдістемелік категориялар және зерттеу әдістері.

Әдістеме ғылым ретінде. Әдістemenің басқа ғылымдармен байланысы. Отандық және шетелдік мектеп тарихында шет тілін оқытудың теориясы мен тәжірибесіндегі негізгі бағыттар.

Шетел тілін оқытудың заманауи технологиялары мен құралдары. Шет тілін оқытудың мақсаты, мазмұны және принциптері; есту-сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, шет тілін оқытудың инновациялық технологиялары.

Лексикалық дағдыларды қалыптастыру. Негізгі ұғымдар. Мақсаттары мен міндеттері. Белсенді лексикалық минимум ұйымдастыруды іріктеу қағидалары. Лексикалық бірліктердің қалыптасу кезеңдері.

Сөйлеудің фонетикалық дағдыларын қалыптастыру. Шет тілді айтылымға қойылатын талаптар. Айтылымды оқытудың психофизиологиялық негіздері. Шет тілді айтылымды оқытудағы әртүрлі тәсілдер, принциптер және кезеңдер.

Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Мүмкін болатын қиындықтар және оларды шешу жолдары.

Оқу дағдыларын қалыптастыру. Сөйлеу әрекетінің өзіндік түрі ретінде оқытудың міндеттері. Оқу құрылымы. Сөйлеу қызметінің басқа түрлерімен байланысы.

Жазу дағдыларын қалыптастыру. "Хат" және "жазбаша сөйлеу" ұғымы. Хат мақсат және оқыту құралы ретінде. Ауызша сөйлеудің жазбаша сөйлеуден айырмашылығы. Жазу техникасын оқыту әдістемесі.

5. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Кодухов В. И. Общее языкознание. – М., 1974, 2008.
2. Березин Ф. М. История лингвистических учений. – М., 1975, 1984.
3. Степанов Ю. С. Методы и принципы современной лингвистики. – М., 1975, 2000
4. Общее языкознание Методы лингвистических исследований. Отв. ред. Б. А. Серебрянников – М., 1973.
5. Левицкий Ю.А., Боронникова Н.В. История лингвистических учений. – М., 2005.
6. Амирова Т.А., Ольховиков Б.А., Рождественский Ю.В. История языкознания. – М., 2003.
7. Михалев А. Б. Общее языкознание. История языкознания. – М., 2005.
8. Даниленко В. П. Общее языкознание и история языкознания. – М.: Флинта, 2009.
9. Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание. – Алматы, 2006.
10. Современная американская лингвистика: фундаментальные направления. – М., 2002.
11. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 2001.
12. Жұбанов А. Қолданбалы лингвистика. – Алматы, 2004.
13. Жұбанов А. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе. – Алматы, 2007.
14. Мечковская Н. Б. Общее языкознание. Структурная и социальная типология языков. – М.: Флинта, 2007.
15. Баранов А. Н. Введение в прикладную лингвистику. – М.: МГУ, 2001.
16. Беликов В.И., Крысин Л.П. Социоллингвистика: Учебник для вузов. – М., 2001.

Қосымша әдебиет:

1. Алхазидзе А.А. Основы овладения устной иноязычной речью. – М., 1998.
2. Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков. – М., 1999.
3. Воробьева О.И. Политическая лексика. Ее функции в современной устной и письменной речи. – Архангельск, 2000.
4. Городецкий Б.Ю. Компьютерная лингвистика: моделирование

общения // НЗЛ. Компьютерная лингвистика. Вып. 24. – М., 1989.

5. Жубанов А.К. Основные принципы формализации содержания казахского текста. – Алматы, 2002.

6. Засорина Л.Н. Введение в структурную лингвистику. – М., 1974.

7. Зубкова Л.Г. Язык как форма. Теория и история языкознания. – М., 1999.

8. Искусственный интеллект. (В 3-х кн.) Справочник / Под ред. Э.В. Попова. – М., 1990.

9. Кибрик А.Е. Очерки по общим и прикладным вопросам языкознания. – М., 1992.

10. Куличенко Ю.Д, Перцептивные образы политического дискурса. – Алматы, 2009.

11. Курьшжанова А.А. Лингвистическое обеспечение компьютерных программ по казахскому языку: Автореф. дисс... канд. наук. – Алматы, 1999.

12. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М. 2003.

13. Макаров М. Л. Основы теории дискурса. – М., 2003.

14. Марчук Ю.Н. Основы компьютерной лингвистики. Учебное пособие. – М.: МПУ «Народный учитель», 2000.

15. Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика. – М., 1994.

16. Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика. – М., 2000.

17. Нелюбин Л.Л. Компьютерная лингвистика и машинный перевод. – М.: ВЦП, 1991.

18. Общее языкознание. Т.1. – М., 1970.

19. Общее языкознание: Формы существования, функции, история языка. – М., 1970.

20. Паршина О.Н. Российская политическая речь. Теория и практика. – М, 2007.

21. Рождественский Ю.В. Лекции по общему языкознанию. – М., 1990.

22. Серебренников Б.А. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М., 1988.

23. Серебренников Б.А. Роль человеческого фактора в языке: Язык и мышление. – М., 1988.

24. Скребцова Т.Г. Американская школа когнитивной лингвистики. – СПб., 2000. Современная американская лингвистика: фундаментальные направления. – М., 2002.

25. Шейгал Е. Семиотика политического дискурса. – М., 2004.

26. Язык и наука конца XX века. – М., 1995. Лурия А.Р. Язык и сознание. – М., 1996.

Сөздіктер және анықтамалар:

1. Аберкромби Н., Хилл С., Тернер Б.С. Социологический словарь. – Казань, 1997.

2. Абилова Б.А. Словарь лингвометодических терминов. – Алматы, 1997.

3. Аманжолов А.С. Казакша-орысша лингвистикалык терминдер. – Алматы, 1999.
4. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1969.
5. Исаев М.И. Словарь этнолингвистических понятий и терминов. – М., 2001.
6. Казак тілі энциклопедия. – Алматы, 1998
7. Карасик 1992: Карасик В.И. Язык социального статуса. – М., 1992.
8. Краткий словарь по социологии. Сост. П.Д. Павленок. – М., 2000.
9. Лингвистический энциклопедический словарь. Гл. ред. В.Н. Ярцева. – М., 1990.
10. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Мадиева Г.Б., Авакова Р.А. и др. Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі. Под общей ред. Э.Д. Сулейменовой. – Алматы: Ғылым, 1998.
11. Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова, Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолінгвистических терминов. – Алматы: Арман-ПВ, 2008.

6. Емтихан билеттерінің сұрақтары бойынша жауаптарды сараптау шкаласы:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да докторантураға түсушілердің білімін бағалаудың жалпы ережесі білім алушылардың білімін бағалаудағы 100-балдық жүйе туралы Ережемен реттеледі.

Емтихан билетінің әрбір сұрағы бойынша жауаптар 100-балдық шкала бойынша бағаланады. Емтиханның қорытынды бағасы билеттің әрбір жауабы үшін алынған баллдан арифметикалық орта баллы алынады және келесі сызбамен бес баллдық шкала бойынша бағаланады:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

Емтихан жауабының 100-балдық шкаласы

Сараптау	Өлшемдер	Шкала, ұпайлар
A Өте жақсы	<ol style="list-style-type: none"> Теориялық сұрақтарға дұрыс әлі толық іргелі ғылыми негізді дайындықтың бағытында жауап береді. Алға қойылған мәселені жүйелі түсінгенін көрсете біледі, сыни ойлай және талдай алады, тіл білімі саласы бойынша берілген идеяларды бағалай және айқындай алады. Толық тәжірибелік тапсырманы орындай алады және берілген мәселені тиімді шеше алады. Түсуші тіл білімі саласының қазіргі ғылыми және тәжірибе мәселелерін тұжырымдай және шеше біледі. 	95-100
A- Өте жақсы	<ol style="list-style-type: none"> Барлық теориялық сұрақтарға толық әрі нақты жауап береді. Тәжірибелік тапсырма толық орындалады және кәсібі құзыреттілігін көрсете біледі. 	90-94

	<p>3. Логикалық бірізділікті ұстана отырып материалды сауатты баяндайды.</p> <p>4. Түсушінің жауаптары зерттеу жұмысын жүргізе алатын қабілетін көрсетеді.</p>	
В+ Жақсы	<p>1. Дұрыс жауап береді, алайда теориялық сұрақтарға толық емес жауаптар беріледі, анықтамаларға кемшілікпен немесе дәл емес ұйғарымдар береді.</p> <p>2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс және өзінің деңгейінде жеткізе алады, дегенмен қателер көрініс табады.</p> <p>3. Жаңа және әлеуметтік білімдерін ғылыми тапсырмаларды орындауда білік, дағдыларын біріктіре алады.</p>	85-89
В Жақсы	<p>1. Дұрыс жауап береді, алайда теориялық сұрақтарға толық емес жауаптар беріледі, анықтамаларға кемшілікпен немесе дәл емес ұйғарымдар береді.</p> <p>2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс және өзінің деңгейінде жеткізе алады, дегенмен қателер көрініс табады.</p> <p>3. Логикалық бірізділікті ұстана отырып материалды сауатты баяндайды, дегенмен аз-кем кемшіліктер жіберіледі.</p>	80-84
В- Жақсы	<p>1. Дұрыс жауап береді, алайда теориялық сұрақтарға толық емес жауаптар беріледі, анықтамаларға кемшілікпен немесе дәл емес ұйғарымдар береді.</p> <p>2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс және өзінің деңгейінде жеткізе алады, дегенмен қателер көрініс табады.</p> <p>3. Логикалық бірізділікті ұстана отырып материалды сауатты баяндайды, дегенмен аз-кем кемшіліктер жіберіледі.</p>	75-79
С+ Қанағаттанарлық	<p>1. Дұрыс, бірақ ауытқулы жауаптар барлық қағидалы сұрақтарға, жартымсыз кемшілік немесе дәлсіздіктер ұйғарымдарды жіберу және сұрақтарда қысқаша жауап беру.</p> <p>2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс және өзінің деңгейінде жеткізе алады.</p> <p>3. Дағды және интеграциялану бар және білімін көрсете алады бірақ аз кемшіліктермен.</p>	70-74
С Қанағаттанарлық	<p>1. Теориялық сұрақтарға негізінен дұрыс жауап береді, алайда нақты және логикалық бірізділікті ұстанбайды.</p> <p>2. Тәжірибелік тапсырмалар толық орындалмайды.</p> <p>3. Материал сауатты берілгенмен, логикалық бірізділік сақталмайды.</p>	65-69

С- Қанағаттанарлық	1. Теориялық сұрақтарға жауап толық берілмейді, мәселенің маңызы ашылмайды, логикалық қателер байқалады. 2. Тәжірибелік тапсырмалар орындалмайды. 3. Материал жүйесіз беріледі.	60-64
D+ Қанағаттанарлық	1. Теориялық сұрақтарға толық жауап берілмейді, дөрекі қателер жіберіледі. 2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс емес. 3. Жауап беруде грамматикалық, терминологиялық қателіктер жіберіледі.	55-59
D Қанағаттанарлық	1. Теориялық сұрақтарға толық жауап берілмейді, дөрекі қателер жіберіледі. 2. Тәжірибелік жауаптары дұрыс емес. 3. Жауап беруде грамматикалық, терминологиялық қателіктер жіберіледі.	50-54
F Қанағаттанарлықсыз	1. Теориялық сұрақтарға толық жауап берілмейді, дөрекі қателер жіберіледі. 2. Тәжірибелік тапсырмалар орындалмайды, ақпаратты өңдеуге қабілетсіз.	0-49